ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 маусым Іс №1013-24-00-2/1007 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Сыздыков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Exclusive» Бекарыс Маратбекұлы Шыңғысбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның жеке кәсіпкер «Exclusive» Бекарыс Маратбекұлы Шыңғысбекты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Exclusive» Бекарыс Маратбекұлы Шыңғысбекты сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Exclusive» Бекарыс Маратбекұлы Шыңғысбектен мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **К.С.Сыздыков**

Құжатқа қол қойылған: Сыздыков К. С., 19.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.07.2024, судья Сыздыков К. С., 29.07.2024

1013-24-3-1/1042